

Даму мониторингісі және нәтижелерін талдау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді. Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық құзіреттілік танытады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік- рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдануарқылы жоспарлайды. Тәрбиеленушілерді дамыту үшін ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылады

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

Тәрбиеленушілердің МДО ҮОЖ-да белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі және қойылатын талаптарды сақтау;

МДС-тағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес белгіленген.

Оқу жылдары Сыныптар

/жиынтық сыныптар Мектепалды даярлық сыныптары

Апталық оқу жүктемесінің ең көп көлемі апталық

оқу жүктемесінің көлемі	Инвариан	ти оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі	Жылдық оқу жүктемесі барлығы
-------------------------	----------	------------------	--------------------------	------------------------------

2021-2022	0 сыныптар/3	17/51	17/51	3/9	1980
-----------	--------------	-------	-------	-----	------

2022-2023	0 сыныптар/2	20/40	20/40	-	1400
-----------	--------------	-------	-------	---	------

2023-2024	0 сыныптар/2	20/40	20/40	-	1320
-----------	--------------	-------	-------	---	------

2021-2022оқужылында«Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларының қызығушылығын қалыптастыру болғандықтан әр кезеңде өсу деңгейі байқалады. Оқу жылында балалардың қозғалыс қызметіндегі қызығушылықтарын спорттық-сауықтыру белсенділіктерін қалыптастыру болғандықтан дене тәрбиесі нұсқаушысы осы бағытта атқарған жұмыстары оң нәтиже берді: Негізгі қимыл түрлерінің дағдыларын,мәдени гигиеналық дағдыларын, салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Жаттығулардың орындалу ретін сақтайды. Мәдени- гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытады.

«Қатынас» білім беру саласының базалық мазмұны: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,орыс тілі ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзегеасырылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады. Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауыз екі сөйлеуін дамыту, әдеби тілде дұрыссөйлеуді үйрету, сөз өнеріне тәрбиешілердің басты мақсаты. Балалар сөйлеу мәнерінің тәсілдерін ,сөйлеу қарқыны,интонацияны сақтайды.Тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады, қысқа әңгімелерді және ертегілердімазмұндайды,заттар мен құбылыстардың белгілері мен сапасын ажыратады. Қажетті сөздермен сөз тіркестерін қолданады. Шығарма жанрларын, тақпақ, ертегі,әңгімені ажырата алады.Өлеңдерді эмоционалды түрде жатқа айтады.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұны қарапайымматематикалық ұғымдарды қалыптастыру, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып,интеллектуалдыққабілеттерін,логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту қолдану арқылы нәтижеге жетеді.

«Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» құралдарын,атрибуттарын пайдалана отырып қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, өз ойы бойынша құрылыстарды жасауға ,оларды мазмұн бойынша біріктіруге және олармен ойнауға ынталандырады. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін, табиғатта өзін ұстау туралы ережелерді жәнеқарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін байыту,табиғатқасуііспеншілікпен және ұқыпты қарауға баулы. **«Таным»** білім саласыбойынша бала бойындағы танымдылық шындау жолдарынқарастырып,таным қызметінің дағдыларын жақсартуда –балалардың зейінін,жадын,қабылдауын,көлемді,үлкендікті,түсті ажырата білуде ашық оқу қызметі өтіліп педагогтар арасында «Оқу процесінде жаңатехнологияларды тиімді қолдану» тақырыбында семинар-практикум өткізіліп, кеңестер берілді.

Жыл соңында мектепалды даярлық сыныптарындағы балалар заттық ұғымдарды салыстыра біледі, геометриялық пішіндерді біледі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алады,қарапайым құрылыстарды құрастыра алады. Туғанөлкенің кейбір өсімдіктерін біледі, жануарлар мен олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атайды және ажыратады.Табиғатта өзін ұстай білуережелерін түсінеді.

«Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзегеасырылады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін,эстетикалық талғамын дамыту,бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру,шығармашылық ойлау мен қиялдауын дамыту,көзбен қол үйлесімін дамыту,қарапайымзаттарды,құбылыстарды, ертегі кейіпкерлерінің пішінін, түстерін,бөліктердің орналасуын бере отырып бейнелеу біліктері мен дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Жыл соңында күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра біледі, бормен

асфальтқа , таяқпен құмға сурет салады.. Қағаздың қасиеттері жайлы біледі, жыртылады, мыжылады.

Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны қоршаған ортамен танысу, экология негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады. Балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыруда оларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру арқылы, таныс заттарды ажыратуға үйрету жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі. Қазақстанның халық ауыз әдебиеті шығармашылығын қолдану арқылы Отанға қорғауға, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу жыл бойында ұйымдастырылған оқу әрекеттерінде, серуенде, режимдік сәттердің қолайлы кезеңдерінде жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп жылдық жұмыс жоспары жасалынды

Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды

тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар: 1) МЖМБС және МДО үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласының әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру

МДС-тағы тәрбие және оқу процесі ҚР БҒМ "Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына, "мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы", "тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің МЖБС негізінде іске асырылады. жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингінің (қорытынды) болуы және нәтижелерін талдау